

Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінің құқықтық реттелу мәселелері

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында, яғни өткен ғасырдың 90-жылдарының басында ұлттық азаматтық заңнама жаңа сапалық мазмұнға ие болып, тың әрі әлемдік үздік үлгідегі оң өзгерістерге ұшырағаны баршамызға белгілі. Бұл тарихи кезең еліміздің экономикасын дамудың жаңа белестеріне бағыттап, нарық қағидаларына негізделген мүліктік қатынастардың мемлекетімізде тұрақты сипатта қалыптасып, жедел қарқынмен дамып, өрлеуіне маңызды құқықтық негіздер қалады деп айтуға болады. Осындай тың өзгерістердің бірі - ол азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу еркіндігінің арнайы Қазақстан Республикасының Конституциясында, яғни оның 6-бабында және де Азаматтық кодекстің 7-бабында арнайы қарастырып өтуі табылады. Сонымен бірге ұлттық азаматтық құқық саласының дәстүрлі заңды тұлғалар институты да елеулі өзгерістерге ұшырап, азаматтық айналымға коммерциялық заңды тұлғалармен бірге коммерциялық емес ұйымдардың бұрынрақта қарастырылмаған, мүлдем жаңа ұйымдық-құқықтық нысандарын енгізілді. Әрине, бұл жағдай осы коммерциялық емес құрылымдардың құқықтық табиғатына ғана емес, сондай-ақ осы коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ерекшеліктерінің құқықтық тұрғыдан реттелу мәселесін теориялық тұрғыдан зерделеу, сараптау қажеттілігін тудырды. Міне, осы тұрғыдан алып қарар болсақ бұл аталаған мәселе сөзсіз құқықтық және тәжірибелік тұрғыдан аса өзекті сипатқа ие және де әсіресе экономика үшін аса қажет әрі маңызды деп айтуға толық негіз береді. Алайда, соған қарамастан бүгінде өкінішке орай, Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінің құқықтық реттелу жағдайы мен деңгейі кешенді сипатта емес, тек ара-тұра зерттеу сипатында, көрініс тауып отыр. Сол себептен де осы аталған саланы, әрине бұл күнде қанағаттанарлық деп тануға болмайды.

ҚР АҚ 34-бабының 1-тармағында «Өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс келтіруді көздейтін (коммерциялық ұйым) не мұндай мақсат ретінде табыс келтіре алмайтын және алған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес ұйым) ұйым заңды тұлға бола алады» - деп қарастырылған. Осыған ұқсас анықтама сондай-ақ, 2001 жылы 24 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Респуб-

ликасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 2-бабында берілген-ді. Дәлірек айтқанда, аталған заң нормасында ол былай деп көрсетілген, яғни «Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылары арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады».

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңның 33-бабының 1-тармағына сәйкес, коммерциялық емес ұйымдардың құқық қабілеттігі арнайы болып табылады, яғни бұл ұйымдар осы заң талаптарына сәйкес тек өзінің құрылтай құжаттарында немесе тек заңда көзделген қызмет түрімен ғана айналысуға құқылы.

Бүгінде азаматтық айналымның тұрақты субъектісі болуы үшін, әрине, коммерциялық емес ұйымдар ең алдымен қаржыландыруды аса қажет ететіндігі белгілі, мұндай мүмкіндік «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 33-бабының 1-тармағында қарастырылып кеткен, яғни онда «Коммерциялық емес ұйым өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады» деп көрсетілген. ҚР АҚ 34-бабының 1-тармағына сәйкес, коммерциялық емес ұйымдар өздерінің кәсіпкерлік қызметпен айналысу барысында тапқан таза табыстарын өз қатысушылары арасында үлестіруіне заңмен тыйым салынған.

Егер заң тұрғысынан алып қарар болсақ коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлікпен айналысуына рұқсат берілуі нарықтық заман талабына сай орынды, әрі оның үлкен мәні бар деуге болады, өйткені, қазіргі нарық кезеңінде шаруашылық қызметтерді жүзеге асырушы бір де бір ұйым, ұзақ мерзім бойы тұрақты түрде тек құрылтайшылардың ерікті жарналары мен демеушілердің қайырымдылық салымдарының негізінде келіп түскен қаражаттары мен өзге де мүліктер есебінен ғана өмір сүре алмайтындығы анық.

Алайда, талдап көрер болсақ тәжірибе жүзінде ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 33-бабының 1-тармағында қарастырылған талаптарды сақтау, яғни кәсіпкерлік қызметтің коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық мақсаттарына сай келуін құқықтық тұрғыдан саралау өте оңайға соқпасы белгілі. Бұл тұрасында Ресейлік авторлар Белых пен Скуратовский [1, 10 б.] коммерциялық емес ұйымдардың басым бөлігі формальды тұрғы-

да (заң бойынша және өздерінің жарғылары бойынша) өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздемегенімен, алайда іс жүзінде олар кәсіпкерлікпен айналысудың нәтижесінде, орасан зор пайда табуда деген тұжырымға келеді.

М. Брагинскийдің пікірінше, коммерциялық емес ұйымдар кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін міндетті түрде екі алғы шарт сақталуы тиіс, яғни бұл қызмет біріншіден, ұйымның алдына қойған мақсатына жетуге жұмсалуды тиіс және екіншіден, өзінің сипаты бойынша кәсіпкерлік қызмет ұйымның көздеген мақсатына сай болу керек [2, 12 б.].

Айталық, ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 32-бабының 2-тармағында елімізде жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдар айналысуға құқылы қызмет түрлеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін екендігі жайлы айтылған.

Біздіңше, коммерциялық емес ұйымдардың заңмен қарастырылған кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігін, өз кезегінде, заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп түрге бөлуге негіз беретін басты белгілердің бірі ретінде қарастыруға да болады.

Мәселен, бұл жайлы О.П. Кашковский былай дейді, яғни коммерциялық заңды тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызмет ұйымның қызметінің негізгі түрі болып танылса, ал коммерциялық емес ұйымдар үшін кәсіпкерлік қызмет осы ұйымдардың қызметінің негізі болып танылмайды деп санайды. Сондай-ақ, автордың пікірінше, мәселен, бір қызмет бір мезгілде әрі заңды тұлғаның қызметінің негізгі мақсатын құрауы мүмкін, әрі табыс келтіру құралы болып танылуы мүмкін. Мысалы, дене тәрбиесі мен спортты дамыту ұйымының қызметінің негізгі мақсаты болып танылатын коммерциялық емес ұйым өз қызметін ақылы негізде жүзеге асыруы мүмкін. Бұл ретте ұйымның барлық әрекеті іс жүзінде кәсіпкерлік қызмет бола тұрғанымен, бір мезгілде ол қоғамдық пайдалы әрекетті қоса жүзеге асырады, яғни дене тәрбиесі мен спортты дамытады. Бұл арада табыс келтіру мақсаты мен қоғамдық пайдалы мақсат теңдей арақатынаста деп айтуға болады, сондықтан да бұл мақсаттардың қайсысы негізгі, ал қайсысы негізгі емес екендігін анықтау мүмкін емес [3, 14 б.].

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 2-бабы коммерциялық емес ұйымға төмендегідей анықтама бергенін жоғарыда көрсеткен болатынбыз, яғни **«Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылары арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылды».**

Біздер коммерциялық емес ұйымға берілген бұл ресми анықтамада мазмұндық айқындылық

жетпейді деп айтқан болар едік. Дәлірек айтқанда, мұнда **«кіріс келтіру»** деген ұғым «табыс табу» деген ұғым ретінде қарастырылған. Шындығында, бұл екі ұғым, әрине, екі түрлі мазмұндық сипатқа ие, атап айтар болсақ, мәселен, бұл арада **«кіріс»** болып ұйымның өз қызметі нәтижесінде қол жеткізген **кез келген пайдасы танылса**, ал «табыс» әдетте, ол кез келген пайда емес, коммерциялық емес ұйымның кіріс келтіруге қол жеткізу барысында өзі шығарған барлық шығындарын алып тастағаннан кейін және ұйымның мемлекет алдындағы міндетті төлемдер мен салықтарды төлегеннен кейін қалған **таза табысы** сипатында болады. Міне, сол себептен де «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 2-бабының қазақша мәтініндегі нұсқасын біздіңше, мына редакцияда, яғни «Қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын және тапқан таза табыстарын өз қатысушыларының арасында бөліске салмайтын заңды тұлға коммерциялық емес ұйым болып танылады» деп анықтаған жөн деп білеміз. Бұл ретте, біздің ойымызша ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 2-бабы айқын құқықтық мазмұнға ие болып, коммерциялық емес ұйымның құрылымдық мәні мен ерекшеліктері аталған заң нормасында толықтай қамтылған болар еді. ҚР АҚ 34-бабында коммерциялық емес ұйымдарды коммерциялық ұйымдардан ажыратуға мүмкіндік беретін басты ерекшеліктер ретінде мыналар қарастырылған, яғни біріншіден, кәсіпкерлік қызмет коммерциялық емес ұйымдар үшін оның қызметінің негізгі мақсаты болмауы тиіс; екіншіден, коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында тапқан табысты өзінің қатысушыларына үлестірмеуі шарт. Осы бағытта біздің құқықтық доктрина ұстанған басты қағида ол - ұйымның тапқан табыстарын өздерінің мүшелері арасында үлестіруі немесе үлестірмейтіндігі. Алайда, бұл қағида барлық кезде өзіне артқан сенімді өтеп жүр ме? Енді осы тұрамында ой қозғап көрелік.

Жалпы бұл мәселені кең қарастырар болсақ, заңды тұлғалардың тапқан таза табыстарын өз мүшелері арасында үлестіруі немесе үлестірмеу сияқты өлшемдер кейбір елдердің құқық жүйесінде тіпті өрескел сақталмаған деп айтуға болады. Мәселен, айталық Ресей Федерациясының АҚ-нің 116-бабының 5-тармағында тұтыну кооперативі заңға және жарғыларына сәйкес өздерінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында тапқан табыстарын кооператив мүшелері арасында бөліске салуға ресми құқықтық мүмкіндік береді. Демек, заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп бөлуге негіз болатын заңды тұлғаның тапқан табысын өз қатысушылары арасында бөлмеу сияқты өлшемдер өзіне артқан үмітті ақтай алмады деген ой туындайды.

ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 33-бабының 5-тармағында императивті түрде былай деп, яғни «Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінен алынатын кірістерді коммерциялық емес ұйымдардың мүшелері (қатысушылары) арасында бөлісуге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

Коммерциялық емес ұйымдардың заңмен қарастырылған кәсіпкерлік қызметпен айналысу мүмкіндігін өз кезегінде заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп түрге бөлуге негіз беретін басты белгілердің бірі ретінде қарастыруға да болады.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларында да коммерциялық емес ұйымдардың «қызметінің негізгі мақсатын», олардың «қызметінің негізгі түрінен» ажыратуға мүмкіндік беретіндей арнайы нормалар, яғни, ережелер қарастырылмаған.

Жалпы осы мәселе іс жүзінде заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп бөлу, кейбір жағдайларда тіпті, жай жасанды сипатқа ие бола бастады деп айтуға негіз береді.

Ресейлік автор О.П. Кашковский ұйымның қызметінің негізгі мақсаты сияқты өлшемдер коммерциялық ұйымды коммерциялық емес ұйымнан ажыратуға негіз бола алмайды деп санайды. Біріншіден, деп жазады автор, қоғамдық пайдалы әрекет пен кәсіпкерлік қызмет өзара сәйкес келуін, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайтындай жағдай туындауы мүмкін. Егер табыс келтіру қажеттілігі туындаған ретте, сондай-ақ, ұйым үшін бұл негізгі қаржы көзі болып табылса, қоғамдық пайдалы әрекеттерді жүзеге асыру кезінде коммерциялық емес ұйымға мұндай қызметті жүзеге асыруға тыйым салудың ешбір негізі жоқ. Қоғамдық пайдалы мақсаттарға жетудің тәсілдерін таңдау, ол ұйымның құрылтайшыларының және қатысушыларының құқығы болуы тиіс. Екіншіден, ұйымның қызметінің мақсатының негізгі немесе негізгі емес екендігін анықтауға мүмкіндік беретін өлшемдерді таңдап алудың өзі қиын, сонымен бірге, оларды іс жүзінде бақылап отыру одан да күрделі [3, 16 б.].

Мысалы, коммерциялық емес ұйымдардың басым бөлігі формальды тұрғыда (заң бойынша және жарғыларына сәйкес) өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда келтіруді көздегенімен, алайда, іс жүзінде олар кәсіпкерлікпен айналысудың нәтижесінде орасан зор пайда табу үстінде [4, 10 б.].

Қазіргі кезде мекемелердің басым көпшілігі өзінің қызметін жүзеге асыруы үшін «бюджеттен тыс» қосымша табыс көздерін іздестіруге мәжбүр болып отырғаны белгілі. Нәтижесінде, осындай қосымша қаржы мен өзге де материалдық табыс көздеріне мекемелердің мүлктік құқығы жайлы өзекті де өткір теориялық және

тәжірибелік мәні бар мәселелер пайда болуда [5, 26 б.]. Бұл мәселе тұрғысында кейбір заң әдебиеттерінде аталған мәселе заңнама жүзінде, әлі де болса, өз шешімін толық таппағандығын айтылып жүр [6, 56 б.]. Біздіңше, әсіресе, мұндай мәселелер мемлекеттік білім беру мекемелерінің қызметі барысында жиі көрініс тауып жатады. Өйткені, мүлкіне тек заттық құқығы бар мемлекеттік білім ұйымдарының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында тапқан табыстарына меншік иесінің рұқсатын алмай-ақ, кейбір реттерде дербес билік етуге ресми түрде құқық бергендіктен мұндай мүліктерді заң бойынша осы ұйымдардың жеке меншігі ретінде қарастыруға болар еді. Мәселен, аталған мәселе тұрғысында кейбір авторлар мұны «заттық құқықтың ерекше бір түрі» деп тауып, мысалы «...егер заңда немесе өзге де құқықтық актілерде мұндай абыстар және солардың есебінен алынған мүлік мекеменің меншігіне келіп түседі деп тікелей көрсетілмесе, онда шамасы оралымды басқару құқығының да, шаруашылық жүргізу құқығының да шеңберіне енбейтін **айрықша заттық құқық** деп танылуы тиіс», [7, 8-10 бб.] деген көзқарасқа көбірек мойынсұнады. Қарастырып отырған мәселенің тағы бір аспектісі бар. Мәселен, Ресейлік автор А.И. Карномазов, мекеменің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың нәтижесінде тапқан табыстарына дербес билік ету құқығына қатысты пікірін айта келіп, мына мән жайларға баса көңіл бөледі, яғни автор, қалыптасқан жағдайда мекеменің өз иелегіндегі мүлікке екі түрлі заттық құқық орнатып отырғандығын айтады, оның бірі - мүлкінің меншік иесі болып табылатын құралтайшының бекітіп берген мүлікке оралымды басқару құқығы болса, ал екіншісі - мекеменің кәсіпкерлікті жүзеге асыру барысында тапқан табыстарына дербес билік ету құқығының пайда болатындығы [8, 28 б.]. Біздіңше, ҚР АҚ 202-бабында қарастырылып, ресми танылған, **оралымды басқару құқығының мазмұны, мүлікті дербес басқару құқығымен салыстырғанда тар болуы мүмкін деп болжауға негіз береді**. Себебі, оралымды басқару құқығы осы заттық құқықтың иесіне, яғни мекемеге меншік иесі берген мүлікке қандайда болмасын билік етуіне тыйым салса, ал «дербес билік ету құқығы» мүлікке иелік ету, пайдалану және оған билік етуге мүмкіндік береді. Мәселен осы тұрғыда тағы бір Ресейлік автор А.В. Коновалов мекемелердің мүлікке билік ету құқығын заңмен шектеуге мүлдем болмайды, себебі бұл заңды тұлға ретінде мекеменің құқық қабілеттігін негізсіз тарылту болып табылады және аталған жағдай, әсіресе құрылтайшысы мемлекет болып табылмайтын мекемелердің мүддесіне мүлдем қайшы келеді [9, 56 б.] деп санайды. Автор көзқарасының осы аталған мәселеге қатысты тұстарын біздер өз тарапымыздан мойындауға тұрарлық деп бағалаймыз.

Келесі мәселе, коммерциялық емес ұйым ретінде тұтыну кооперативтерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне байланысты. Жоғарыда атап өткеніміздей тұтыну кооперативі болып, ҚР АҚ 108-бабының 1-тармағына сәйкес, қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі танылады. Демек, жоғарыда атап өткеніміздей, тұтыну кооперативіне тән басты белгінің бірі ретінде - тұтыну кооперативінің тек өз қатысушыларының материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатындығын айтуға болады. Жалпы ереже бойынша, тұтыну кооперативінің құқық қабілеттігі арайы болып табылады, сол себептен де 2001 жылдың 8 мамырында қабылданған ҚР «Тұтыну кооперативтері туралы» Заңның 4-бабының 1-тармағында, аталған коммерциялық емес ұйымдар кәсіпкерлік қызметпен тек өзінің жарғылық мақсаттарына сай келген ретте ғана айналыса алады деп көрсетілген. Дегенмен, тәжірибе жүзінде тұтыну кооперативі өзінің арнайы құқық қабілеттігінің аясынан шығып, яғни өзі өндірген тауарларды тек өз мүшелерінің арасында ғана үлестіріп қоймай, сонымен бірге, басқа сатып алушыларға бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша сатумен айналысып жатады. Сырт қарағанда, әрине, бұл қалыпты құбылыс сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, құқықтық тұрғыдан бағалаған ретте, тұтыну кооперативтері өз әрекеттерімен тек заң бұзушылықтарға ғана бой алдырып қоймай, сондай-ақ, заңдармен қамтылмай қалып қойған Қазақстанның құқықтық кеңістігіндегі кейбір күрделі құқықтық проблемалардың бетін ашуға мәжбүр болып жатады. Жоғарыда атап кеткеніміздей, қазіргі қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, тұтыну кооперативінің қызметінің негізгі мақсаты болып өз қатысушыларының материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру табылады. **Сондықтан, аталған коммерциялық емес ұйым, яғни тұтыну кооперативі, заң бойынша бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша, сатушы тарап ретінде таныла алмайды деп білеміз.** Себебі, бөлшектеп сатып алу-сату шарты, ҚР АҚ 445-бабына сәйкес, жария шарт болып танылады. Ал ҚР АҚ 387-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес жария шарт бойынша тауарларды сату жөніндегі қызметті тек коммерциялық ұйым, яғни кәсіпкерлер ғана жүзеге асыра алады. Сондықтан, тұтыну кооперативтері бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша сатушы тарап ретінде танылған жағдайда, кооперативтің мүліктік жауапкершілігіне қатысты проблема туындауы мүмкін деп білеміз. Бұл мәселе негізінен бөлшектеп сатып алу-сату шарты бойынша сатушы тарапқа аса жоғары жауапкершілік белгілейтін ҚР АҚ 457-бабын

қандай дәрежеде қолдануға болатындығына байланысты. Біздіңше, аталған құқықтық проблеманы ұтымды шешіп, тиімді құқықтық жолға қоюдың бір ғана жолы бар, ол - коммерциялық емес ұйым болып танылатын тұтыну кооперативтерінің мүліктік жауапкершілігін реттейтін арнайы азаматтық заңдардағы нормаларды қайта қарастырып, оларға жария шарттар жасауға айрықша құқық қабілеттігін ресми түрде тану, не болмаса кәсіпкер ретінде бұл ұйымдарға аса жоғары жауапкершілік белгілейтін ҚР АҚ 457-бабының ережелерін қолдануға кедергі бола алмайтын жеткілікті құқықтық негіздер қарастырылуы қажет деп білеміз.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай елімізде нарықтық экономиканың қарқынды дамуына байланысты коммерциялық емес ұйымдар да шарттық қатынастардың белсенді субъектілердің бірі ретінде кең таныла бастады. Осыған байланысты коммерциялық емес ұйымдардың мүліктік жауапкершілігіне, яғни, міндеттемені орындамауына немесе тиісінше орындамауына қатысты мәселелер жиі орын алып жатады. Ал бұл өз кезегінде коммерциялық емес ұйымдардың қатысуымен болатын мүліктік жауапкершілікке байланысты дауларды сотта қарағанда құқық қолдану саласына аса қолайсыздық тудыратыны белгілі. Аталған салада жағдайдың бұлай қалыптасуының басты себептерінің бірі, әрине, кейбір жекелеген азаматтық заңдардың мазмұндық сапасының төмен болуында. Алдымен, әңгімені мекеме 347-ден басталық. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (ары қарай ҚР АҚ) 105-бабына сәйкес **мекеме** болып басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландырылатын ұйым табылады. Мекеме кез-келген заңды тұлғалар сияқты өз міндеттемелері бойынша азаматтық жауапкершілікке тартылады мұндай мүмкіндік ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағында қарастырылған, яғни аталған бапқа сәйкес, мекеме міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Олар жеткіліксіз болған жағдайда мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшылары жауапты болады. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті жергілікті атқарушы орган жауапты болады. Демек, коммерциялық емес ұйымдардың өзге ұйымдық-құқықтық нысандарымен салыстырғанда, мекеме, өз міндеттемелері бойынша мүлкімен емес тек өз билігіндегі ақшамен ғана жауап беретін бірден-бір коммерциялық емес ұйым болып табылады. Мекеменің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне қатысты проблеманың бірі ҚРАК 44-бабының

1 тармағына қатысты деп білеміз. Мәселен, ҚРАК 44-бабының 1 тармағында қарастырылған мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жауапкершілік тәртіптерін белгілейтін ережеде мазмұндық қате бар деп болжаймыз. Аталған нормада "...мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті жергілікті **атқарушы орган** жауапты болады" деп көрсетілген. Біздіңше, мемлекеттік мекеменің міндеттемелері үшін жергілікті **атқарушы орган емес осы мемлекеттік мекемені құрған оның құрылтайшысы, яғни тиісті әкімшілік-аймақтық бөліністер жауап беруі тиіс**. Себебі, азаматтық құқықта жергілікті **атқарушы органдар** міндеттеменің дербес субъектісі бола алмайды, өйткені, атқарушы орган - ол әкімшілік-аймақтық бөліністердің әрекет қабілеттігін жүзеге асырудың құралы болып табылады. Сол себептенде жергілікті **атқарушы органдардың** азаматтық құқық субъектілігі заңмен танылмаған. Сондықтанда ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағын **"Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті әкімшілік-аймақтық бөліністер жауапты болады"** деп көрсеткен орынды деп білеміз. Сондай-ақ жоғарыда аталған норма төңірегінде тағы бір проблема барын айта кеткіміз келеді, ол - мекемелер мен мем-

лекеттік мекемелердің құрылтайшыларының **мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда оның міндеттемелері бойынша азаматтық жауапкершіліктің қандай түріне тартылатындығы**, яғни, ортақ па, субсидиялық па немесе қосымша ма, нақты белгіленбеуіне байланысты. Біздіңше, мұның елулі құқықтық маңызы мен салдары барын жоққа шығаруға болмайды, әсіресе бұл мекемелердің міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамауына байланысты дау туындаған кезде мекеменің несие берушісінің мекеменің мүлкінің меншік иесіне талап қоюының тәртібін анықтау үшін аса қажет. Сондықтан да, біздер ҚР АҚ 44-бабының 1 тармағының 2 және 4 бөліктеріне тиісті толықтырулар енгізу арқылы мекемелер мен мемлекеттік мекемелердің құрылтайшылары үшін мекемеде ақша жеткіліксіз болғанда, оның міндеттемелері бойынша ҚР АҚ 357-бабының 1 тармағының 2 бөлігінде қарастырылғандай нақты субсидиялық жауапкершілік белгілеген орынды деп білеміз. Себебі, аталған нормаға сәйкес, негізгі борышқор, яғни мекеме мен мемлекеттік мекеме несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі субсидиялық жауапкершілігі бар адамға, яғни мекемелердің құрылтайшыларына қойылуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Бельх, Скуратовский. Гражданский кодекс России: новая модель // Государство и право 17. – 2001. – №8.
2. Брагинский М. Юридические лица // Хозяйство и право. – 1998. – №3. – С.12-13.
3. Кашковский О.П. О критериях разграничения коммерческих и некоммерческих организаций // Юрист. – 2000. – № 5
4. Бельх, Скуратовский. Гражданский кодекс России: новая модель // Государство и право 17. – 2001. – №8.
5. Карномазов А.И. Право учреждения на самостоятельное распоряжение имуществом // Юрист. – 2002. – №7.
6. Коновалов А.В. Владение и владельческая защита в гражданском праве. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2001.
7. Доркин О.Г., Игнатенко А.А., Изотова С.В., Мовчан С.Н., Невменова Н.С. Некоммерческие фонды и организации. Правовые аспекты. – М.: Издательский дом «Филин», 1997.
8. Карномазов А.И. Право учреждения на самостоятельное распоряжение имуществом // Юрист. – 2002. – №7.
9. Коновалов А.В. Владение и владельческая защита в гражданском праве. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2001.